

## **Әуежай пайдаланушысының бірінші басшысы лауазымына кандидаттар үшін біліктілік талаптарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 6 қыркүйекте N 396 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 30 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6517 болып енгізілді

«Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 2-тармағына сәйкес

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Әуежай пайдаланушысының бірінші басқарушысы лауазымына кандидаттар үшін біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі Е.С. Дүйсенбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жариялаған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Ә.Құсайынов

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я  
м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 0 ж ылғы 6 қ ы р к ү й е к т е  
N 3 9 6 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

## **Әуежай пайдаланушысының бірінші басшысы лауазымына кандидаттар үшін біліктілік талаптары**

1. Осы біліктілік талаптары әуежай пайдаланушысының бірінші басқарушысы лауазымына кандидаттарға қойылады.

2. Әуежай пайдаланушысының бірінші басшысы лауазымына кандидат жоғары білімі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес құжат түрінде расталуы тиіс азаматтық авиация саласындағы басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар адам бола алады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Инвестициялар және даму министрінің 30.03.2016 № 322 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Әуежай пайдаланушысының бірінші басшысы лауазымына кандидаттар өздерінің біліктілігін мынадай нормативтік құқықтық актілермен растайды:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2) «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

3) «Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияны ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 шілдедегі қаулысы (Чикаго, 1944 жыл 7 желтоқсан) (Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияға 1-13 және 15-18 қосымшаларды қоспағанда);

4) азаматтық авиация саласындағы нормативтік құқықтық актілер.